

**"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі көбінесе жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы аурулардың алдын алудың арнайы шаралары туралы"**

*Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі 2000 жылғы 2 қазан N 526 2000 жылғы 5 қазан N 620 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 1 желтоқсанда N 1316 тіркелді. Бұйрықтың 2002 жылдың 1 қаңтарынан күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 7 желтоқсандағы N 863, Әділет министрінің 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 141, Денсаулық сақтау министрінің 2001 жылғы 10 желтоқсандағы N 1123 Бірлескен бұйрығымен. ~ V011713

"Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Z970111\_ Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңын, " Халық денсаулығы" U984153\_ мемлекеттік бағдарламасын және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің Z970208\_ 97-бабына сәйкес 1999-2000 жылдарға арналған жыныстық жолмен жұғатын аурулардың алдын алу және оған бақылау жасау жөніндегі бағдарламаны P990193\_ орындау үшін

**БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Көбінесе жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы аурулармен ауыратын қамауға алынған адамдарды және сотталғандарды тексеру, емдеу және ол аурулардың алдын алуды ұйымдастыру тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (П.Н. Посмаков), Медицина басқармасы (М.З. Ахметов):

1) көбінесе жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы аурулармен ауыратын қамауға алынған адамдарды және сотталғандарды анықтау мен емдеуді;

2) эпидемияға қарсы қажетті іс-шаралар өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Тері-венерология ғылыми-зерттеу институты, облыстардағы, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармаларының (департаменттерінің) бастықтары:

1) Ішкі істер министрінің Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардың көбінесе жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы ауруларын анықтау үшін тегін диагностикалық зерттеулер жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) Ішкіісмин Қылмыстық-атқару жүйесінің медициналық мекемелеріне көбінесе жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы аурулармен ауыратын науқастардың диагнозын қоюда, емдеуде және оның алдын алуда әдістемелік және кеңес беру көмектерін көрсетуді қамтамасыз етсін;

3) көбінесе жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы аурулар проблемасымен

айналысатын Ішкіісмин Қылмыстық-атқару жүйесінің медицина қызметкерлерінің диплом алғаннан кейінгі кәсіби шеберліктерін арттыруға ықпал жасасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі ішкі қызмет генерал-майоры Н.А. Власовқа және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасарына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының	Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі -	Денсаулық сақтау ісі жөніндегі
Ішкі әскерлер қолбасшысы	агенттігінің төрағасы
генерал-лейтенант	

Қазақстан Республикасының	Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі	Денсаулық сақтау ісі
	жөніндегі агенттігі
2000 жылғы 2 қазан N 526	2000 жылғы 5 қазан N 620
бұйрығымен бекітілген	бұйрығымен бекітілген

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының орынбасары  
3-дәрежелі мемлекеттік  
әділет кеңесшісі  
2000 жылғы 27 қыркүйек

Көбінесе жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы  
аурулармен ауыратын қамауға алынған адамдарды және  
сотталғандарды тексеру, емдеу және ол ауырулардың алдын  
алуды ұйымдастыру

ТӘРТІБІ

1. Тергеу изоляторына қамаудың алдында тері-жыныс ауруларының бар-жоғын анықтау үшін әрбір адамды мұқият тексеруден өткізу керек. Көбінесе жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы ауруы (бұдан әрі - КЖЖЖЖА) бар деген күдікті адамның ауру немесе сау екендігін растау үшін оны міндетті түрде дермато-венеролог дәрігер қарауы керек. Тері-жыныс ауруы диагнозының дәлелі медициналық амбулаторлық картаға жазылады. Серологиялық зерттеуге жолдама қосымшаға сәйкес беріледі.

2. Бақылау вассерманизациясы бар тергеу изоляторына келіп түскен барлық контингент 3 айдан кейін мерезді анықтаудағы міндетті түрдегі серологиялық зерттеуден өткізіледі. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің К970167\_115, 116, 120, 121, 122, 123, 124-баптары бойынша жауаптылыққа тартылатын адамдар, сондай-ақ барлық әйелдер мен жас өспірімдер созды анықтаудағы міндетті түрдегі клиникалық-зертханалық зерттеуден өткізіледі.

3. Туа біткен мерездің алдын алу мақсатында тергеу изоляторлары мен түзеу мекемелерінде барлық жүкті әйелдерге Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісі жөніндегі нормативтік кесімдеріне сәйкес міндетті түрдегі серологиялық зерттеулер жүргізіледі.

4. Егер де зерттелуші адамның анамнезін алу кезінде қылмыстық жауаптылыққа тартылғанға дейін оның КЖЖЖЖА бойынша емделгені анықталса немесе тері-венерологиялық диспансерде есепте (серобақылауда) тұрса, тергеу изоляторының медициналық бөлімі үш күндік мерзімде көрсетілген мекемеге диагнозы, қолданылған емдеу шаралары мен серобақылаудың мерзімдері туралы сұрау салады. Мұндай ауруларды одан әрі емдеуді немесе серобақылауды тергеу изоляторының медициналық бөлімі алынған жауаптарға сәйкес жүргізеді.

5. КЖЖЖЖА-ның қорытынды диагнозы анықталғаннан кейін ауру адаммен аурудың сипаты, оны емдеудің қажеттілігі, жүріс-тұрыс ережелері, емдеу және бақылау мерзімдері, тері-жыныс ауруымен ауыратын адамның жауапкершілігі туралы әңгіме өткізіледі. Қарсы көрсетулер болмаған жағдайда ауру адамдар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің нормативтік кесімдеріне сәйкес дереу емделеді. Тері-жыныс ауруларына душар болған адамдар ауру диагнозын анықтау сәтінен бастап, емдеу мен бақылаудың барлық мерзімінде, есептен шығарылғанға дейін ауру адамдар болып есептеледі.

6. Егер де КЖЖЖЖА-ның диагнозы алғаш рет тергеу изоляторында анықталған болса медициналық бөлім ауру адамның қамауға алынғанға дейінгі

тұрғылықты жеріндегі тері-венерологиялық диспансерге шұғыл хабарлама жібереді.

7. КЖЖЖЖА-мен ауыратын адамның тергеу изоляторынан түзеу мекемесіне кетуінен бұрын дерматовенеролог-дәрігер немесе терапевт дәрігер оның медициналық амбулаторлық картасында одан әрі емдеу және бақылау нұсқаулары болатын этаптық эпикриз түріндегі жазбалар жасайды.

8. Түзеу мекемелеріне келіп түскеннен кейін КЖЖЖЖА одан әрі емдеу мен серологиялық бақылаудан өткізілу үшін диспансерлік есепке алынады.

9. Ұзақ мерзімді кездесулер алған және түзеу колония қоныстарынан қайта оралған сотталғандар түзеу мекемелерінің медициналық бөлімдеріндегі мерезді анықтаудағы міндетті түрдегі серологиялық зерттеулерден өткізіледі.

10. Сотталған адамның ұзақ мерзімді кездесулер кезінде КЖЖЖЖА-ны жұқтыру фактісі анықталған кезде түзеу мекемесінің медициналық бөлімі тері-венерологиялық диспансерге жұқтырушы деп шамалаған адамды венерологиялық ауруын анықтаудағы зерттеуге тарту туралы тапсырма жолдайды.

11. Қамау орындарынан босатылатын және КЖЖЖЖА бойынша диспансерлік

есептен шығарылмаған ауруларға қатысты түзеу мекемесінің медициналық бөлімі олардың босатылуына бір ай қалғанда таңдап алған тұрғылықты жеріндегі тері-венерологиялық диспансерге шұғыл хабарлама жібереді. Бұл ретте аурудың диагнозы, қолданылған емдеу шаралары мен серобақылаудың мерзімдері көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ішкі іс министрінің  
Медициналық басқармасы

Қосымша

Тері-венерологиялық диспансердегі серологиялық зерттеуге

ЖОЛДАМА

\_\_\_\_\_ ұсталатын

(ұстау орны)

ҰЛТЫ \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ жылы туылған  
азамат(ша) \_\_\_\_\_.

Датасы

Жіберуші мекеменің мөрі

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.